

«ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАЙ БІЛЕЙІК»

Пәні: Өзін-өзі тану

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ АДАМ
ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ
ЖӨНІНДЕГІ

ТҮСІНІКТЕРІН КЕҢЕЙТІП, ЖАҚСЫЛЫҚ
ЖАСАУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕГІ
МӘНІН ҰҒЫНДЫРУ.

Тыныштық сәті





photo.knopa.ru

Дәйек сөз



Жақсылық істеуден жалықпа,
Істеген жақсылығыңа өкінбе!



САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

«Жақсылық жасай
білейік»



2. Мағынаны тану.

1. Жақсылық деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?
2. Жақсылық жасау дегеніміз не?
3. Жақсы адамның бойында қандай қасиеттер болады?
4. Жақсылық жасау адамның парызы ма?

Тренинг

- Оқушылар оң қолдарымен жүрек тұсын ұстап кезегімен мынадай сөйлемдер айтады:
 - **Менің қайырымды жүрегіме рахмет!**
 - **Менің мейірімді жүрегіме рахмет!**
 - **Менің жылы жүрегіме рахмет!**
 - **Менің жүрегімнің адамдарды жақсы көргеніне рахмет!**
 - **Менің жүрегімдегі жақсы көру сезіміне рахмет!**

Жаңа ақпарат


Жақсылық жасау үшін адам бойында адамшылдық, қайырымдылық жанашырлық, мейрімділік сезіммен жылы жүрегі болуы керек. Әр адам қолынан келгенше ешкімді де, еш нәрсені де бөліп жармай, бәріне жақсылық жасауға ұмтылады. Әлемде барлық адамдар тек қана жақсылық туралы ойлап, жақсылық жасауға ұмтылатын болса, әлемде тыныштық, ынтымақ орнайды, адамдар бақытты өмір сүреді.

Мұғалім сыйы.

видео

- Жақсылық жасаудан жалықпа.

Мұғалім сыйы. Бейнетаспа



Сұрақ-жауап

- ▣ Бұл бейнеролик не жайында деп ойлайсыздар?
- ▣ «Рухани бай адам» деген қандай адам?
- ▣ Басқаларға жақсылық жасаған кездерің болды ма?
- ▣ Қайырымдылық қасиетін қалай түсінесің



Шығармашылық жұмыс:

1-топ. Ақылдылар

2-топ. Тәртіптілер.



Ереже:



- ✓ Уақытты тиімді пайдалану
 - ✓ Тыныштық сақтау
 - ✓ Сөзді бөлмеу,

Мұғалім сыйы:

Ертегілерді өз ойларыңмен жалғастырып айтыңдар.

1 топ

2 топ



Адамдар бір – біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды.

4. Сергіту сәті.



ЖАҒДАЯТТЫ ТАЛДАУ:

СУРЕТТЕРГЕ ҚАРАП ЖАҒДАЯТТАРДЫ ШЕШУ.



Сен бір қушақ газет –
журнал көтеріп,
келе жатқан хат тасушыға
кездестің...



**Сен аулаға ролик тебуге шықтың
ал досыңның ролигі жоқ...**



**Анаң ас пісіріп
жатыр,
ал інің
мазасызданып
кетті....**



*Үйдің ішін тазалап,
Үстіңе де қарайлап,
Үлгері алсаң сол - ?*

*Ұшып-қонып жүретін,
Шегірткедей жеңілтек,
Ұшқалақ болсаң сол - ?*





*Биязы мінез тіл алғыш,,
Бал-бұл жанып жүретін,
Бауырмалдық сол - ?*


*Беті-қолың кір-кір боп,
Берекесіз ыржақтап
Бейбастық өссең сол - ?*



An illustration of a young boy with spiky blonde hair, wearing a red vest over a white shirt and blue shorts, carrying a jar of jam and a plate of bread. He is looking towards a larger girl with red hair, wearing a green sweater and a yellow skirt, who is sitting on a yellow cushion. The background is a simple blue sky with a yellow sun. Two black thought bubbles are overlaid on the image, one near the boy and one near the girl.

**ЖАҚСЫ ІС
ДЕГЕН НЕ?**

**ЖАМАН ІС
ДЕГЕН НЕ?**



Дәптермен жұмыс

ЖАҚСЫЛЫҚПЕН ЖАНЫМ ДОС?

Жақсы іс әрекет дегеніміз . . .	Жаман іс әрекет дегеніміз . . .




I. “Менің қалағаным...”



энергия түсі, ол адамды іс – әрекетке итермелеп, үнемі жігерлендіріп отырады. Жоғары сенімді, жігерлі, мінез- құлқы батыл тұлға.



көңілді түс, адамдармен тез араласуға көмектеседі. Бұл түсті таңдағандар – іскер, мінез- құлқы мықты тұлғалар.



Әрқашан өз мақсатына жетеді, шыдамды, байсалды тұлға.

Қорытынды.

Жақсы – болу өзіңнен.

А.Асылбеков.

Жақсы болу – өзіңнен,

Жаман болу – өзіңнен.

Өзіңді өзің ая да,


Өзің үйрен өзіңнен.

Жақсылық көрсең біреуден,

Мен қандаймын деп ойла.

Жамандық көрсең біреуден,

Мен қандаймын деп ойла!

- 
1. Сабақта не өттік?
 2. Не білдік?
 3. Не білгім келеді?



Жақсы болу - өз қолында

Үй тапсырмасы: Эссе.



Топпен ән «Армандастар»

Бір дәуірдің түлеп ұшқан жастары едік

Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік

Бәріміз де жазылмаған дастан едік

Армандастар – құрдастар

Қайырмасы:

Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік

Бәріміз бір өмір жолын бастап едік

Армандастар қайда?

Абзал достар қайда?

Замандастар, қарлығаштар қайда екен?

Арман қуған, қиял қуған кезің қайда?

Құрбы қыздар, мөлдіреген көзің қайда?

Сол алғашқы алаулаған сезім қайда?

Армандастар – құрдастар

Қайырмасы:

Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік

Бәріміз бір өмір жолын бастап едік

Армандастар қайда?

Абзал достар қайда?

Замандастар, қарлығаштар қайда екен?

